

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің капитал қозғалысына байланысты операциялар бойынша валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы саясатының негізін құрайтын қағидаттар туралы келісімге қол қою туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 қыркүйектегі N 896 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1337 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28. N 1337 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің капитал қозғалысына байланысты операциялар бойынша валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы саясатының негізін құрайтын қағидаттар туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің капитал қозғалысына байланысты операциялар бойынша валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы саясатының негізін құрайтын қағидаттар туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің капитал қозғалысына байланысты операциялар бойынша валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы саясатының негізін құрайтын қағидаттар туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің үкіметтері және орталық (ұлттық) банктері, 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру туралы шартты басшылыққа ала отырып,

Еуразия экономикалық қоғамдастығына (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттердің өзара сауда және инвестициялық ынтымақтастығын нығайтуға, ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері

арасындағы сауда-экономикалық байланысты дамытуға мүдделілік білдіре
о т ы р ы п ,

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің ұлттық шекарасы арқылы капиталдың еркін қозғалысы ЕурАзЭҚ шеңберіндегі қаржы және еңбек ресурстарын тиімді бөлудің негізгі талаптарының бірі болып табылатынын, сондай-ақ ЕурАзЭҚ-қа мүше әрбір жеке мемлекеттің экономикалық өсу және даму қарқынын арттыруды қамтамасыз ететінін мойындай отырып,

ұлттық валюталардың сыртқы сауда және инвестициялық операциялардағы рөлін арттыру және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер валюталарының өзара айырбасталуын қамтамасыз ету мақсатында ЕурАзЭҚ шеңберінде ортақ валюталық кеңістік құру бағытындағы бірлескен іс қимылдардың маңыздылығын мойындай отырып, өзара тиімді, ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттерге нұқсан келтірмейтін ынтымақтастық үшін капитал қозғалысына валюталық шектеулерді алып тастауға ЕурАзЭҚ-қа мүше әрбір мемлекеттегі ахуалдың ерекшелікті ескерілетін кешенді және теңгерімді ұстаным қажет екенін мойындай отырып,

ЕурАзЭҚ-қа мүше әрбір мемлекеттің экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, тең құқылылық және өзара пайда қағидаттарына сүйене отырып, төмендегілер туралы келісті:

I бөлім. Жалпы ережелер

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай терминдер қолданылады:

"валюталық заңнама" - ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілері, Тараптардың валюталық реттеудің және валюталық бақылаудың құқықтық нормалары мен қағидаттарын белгілейтін а к т і л е р і ;

"үшінші елдер" - ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекет болып табылмайтын елдер;

"ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің резиденті" - осы мемлекеттің валюталық заңнамасына сәйкес ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің бірінің резиденті;

"ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің резидент емесі" - үшінші елдің резиденті;

"валюталық шектеу" - валюталық операцияларға оларға тікелей тыйым салудан, олардың көлеміне, санына және жүргізілу мерзіміне лимит белгілеуден, оларды жүргізу үшін арнайы рұқсаттар (лицензиялар) алу талаптарын, жүргізілетін операциялар сомасының бір бөлігін немесе барлығын резервтеу талабын белгілеуден көрінетін, заңнамалық түрде белгіленген шектеулер, сондай-ақ ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтарында шоттар ашуға және жүргізуге байланысты шектеулер;

"ырықтандыру шаралары" - нәтижесі ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденттері арасындағы операцияларға қатысты, сондай-ақ үшінші елдердің

резиденттерімен операцияларға қатысты валюталық шектеулерді әлсірету және жою болып табылатын шаралар.

2-бап

Осы Келісім Тараптар валюталық реттеу және валюталық бақылау саласында жүргізетін, валюталық операцияларға қатысты шектеулерді бірте-бірте жоюға бағытталған саясаттың негізін құрайтын қағидаттарды, сондай-ақ оларға қатысты валюталық шектеулерді алып тастау жөніндегі шаралар қабылданып жатқан ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденттері арасында жасалатын операциялардың тізбесін айқындайды.

3-бап

Осы Келісімнің ережелері ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің валюталық заңнамаларында көзделген валюталық шектеулерге қолданылады және банктік заңнамалармен, басқа қаржы-кредит ұйымдарының қызметін реттейтін заңнамалармен, салық және кеден заңнамаларымен реттелетін қатынастарды қозғамайды.

4-бап

Осы Келісімде тікелей көзделмеген валюталық реттеу қағидаттары, сондай-ақ ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер резиденттерінің валюталық операцияларды жүзеге асыру және шоттар ашу тәртібі ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің заңнамаларында айқындалады.

II бөлім. Валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы саясаттың негізгі қағидаттары 5-бап

Тараптар ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденттері арасындағы операцияларға қатысты, сондай-ақ үшінші елдердің резиденттерімен операцияларға қатысты тиімді экономикалық кооперацияға кедергі жасайтын валюталық шектеулерді бірте-бірте жоюды қамтамасыз етуге ұмтылады.

6-бап

Тараптар кез келген валюталық шектеулерді қайтадан енгізуді не енгізуді, сондай-ақ ұлттық заңнамаға валюталық операцияларды жүзеге асыру кезінде жаңа шектеулер енгізуі мүмкін кез келген өзгерісті болдырмауға ұмтылады.

7-бап

Осы Келісімде айтылған ырықтандыру шаралары барлық Тараптарға қатысты тепе-тең негізде, кемсітпей жүзеге асырылуға тиіс.

8-бап

Тараптардың әрқайсысы ЕурАзЭҚ-қа мүше жеке мемлекетке не үшінші елдерге қатысты осы Келісімде айтылмаған басқа ырықтандыру шараларын Келісімнің басқа Тараптарына қатысты осы ырықтандыру шараларын қолдану міндеттемелерінсіз қолдануға құқылы.

9-бап

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденттері ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резидент еместерімен жүргізетін операцияларға және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер резиденттерінің үшінші елдердің аумағында шоттар ашуына қатысты ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің валюталық заңнамаларының нормалары қолданылады.

Тараптар үшінші елдерге қатысты валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы саясаттың бірыңғай тәсілдері мен бағыттарын әзірлеу жөнінде шаралар қабылдайды.

10-бап

Осы Келісімде айқындалған міндеттемелер Тараптардың валюталық операцияларды жүзеге асыру заңдылығын бақылау (операциялар жүргізу үшін негіздеме болып табылатын тиісті құжаттарды ұсыну жөніндегі талаптарды қоса алғанда), сондай-ақ заңдылықты сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған өзге шараларды іске асыру жөніндегі мүмкіндіктері мен өкілеттіктерін шектемейді.

III бөлім. Оларға қатысты валюталық шектеулер қолданылмайтын валюталық операциялар және шоттар ашуға байланысты операциялар 11-бап

Тараптар оларға қатысты ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің валюталық заңнамаларында көзделген валюталық шектеулер қолданылмайтын, ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденттері арасында жүзеге асырылатын валюталық операциялардың және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер резиденттерінің ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумағында шоттар ашуға байланысты операциялардың мынадай тізбесін айқындайды:

1) экспорт бойынша төлемді бір жылға дейінгі мерзімге кейінге қалдыруға немесе мерзімі бір жылға дейінгі импорт бойынша алдын ала ақы төлеуге (аванстық төлемге) байланысты тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ақпаратты, зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды жеткізушілер (сатушылар) мен алушылар (сатып алушылар) арасында тікелей жүзеге асырылатын есеп айырысулар мен аударымдар;

2) әуе және теңіз кемелерімен, ішкі жүзу және аралас (өзен-теңіз) жүзу кемелерімен, ғарыш объектілерімен операциялар бойынша есеп айырысуларды қоспағанда, жылжымайтын мүлікке жатқызылған мүлікпен операциялар бойынша есеп айырысулар;

3) заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы акцияларды, үлестерді, салымдарды (пайларды) сатып алуға байланысты есеп айырысулар мен аударымдар;

4) ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің ұйымдасқан нарықтары (биржалары) арқылы мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға байланысты есеп айырысулар мен аударымдар;

5) заңды тұлғалардың осы заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін ұстауға байланысты шығыстарды қаржыландыру мақсатына арналған шоттар ашуы;

6) жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметке байланысты емес төлемдерді жүзеге асыру мақсаттары үшін шоттар ашуы.

12-бап

Тараптар 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің резиденттері арасында жүзеге асырылатын мынадай валюталық операциялар бойынша шектеулерді жоюға міндеттенеді:

1) ақшалай нысанда кредиттер (қарыздар) тартуға және беруге байланысты төлемдер;

2) ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің ұйымдасқан нарықтары (биржалары) арқылы ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің коммерциялық ұйымдары-резиденттерінің облигацияларын және өзге де бағалы қағаздарын (акцияларды қоспағанда) сатып алуға байланысты есеп айырысулар мен аударымдар.

13-бап

Тараптардың әрқайсысы басқа Тараптың хабарламасы бойынша ерекше жағдайларда осы Келісімнің 11 және 12-баптарында көрсетілген валюталық операцияларға бір жылдан аспайтын мерзімге валюталық шектеулер белгілеуге

қ ұ қ ы л ы .

Е р е к ш е ж а ғ д а й л а р ғ а :

а) ырықтандыру шараларын жүзеге асыру нәтижесінде экономикалық және қаржылық ахуалдың нашарлауына әкеп соғуы мүмкін жағдайлардың туындауы;

б) төлем теңгеріміндегі ахуалдың соның салдарынан алтын-валюта резервтері жол берілетін деңгейден төмендеуі ықтимал болатын теріс дамуы;

в) ырықтандыру шараларын жүзеге асыру ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне нұқсан келтіруі және қоғамдық тәртіпті ұстап тұруға кедергі жасауы мүмкін ж а ғ д а й л а р д ы ң т у ы н д а у ы ;

г) ұлттық валюта бағамының күрт ауытқуы жатады.

Валюталық шектеулерді енгізу туралы хабарламаны Тарап басқа Тараптарға осындай шектеулер күшіне енгізілгенге дейін жібереді.

IV бөлім. Қорытынды ережелер 14-бап

Тараптардың осы Келісімді іске асыру бойынша іс-қимылдарын үйлестіру Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері басшыларының кеңесіне (бұдан әрі - К е ң е с) ж ү к т е л е д і .

Кеңес өзінің отырыстарында Тараптардың осы Келісімге сәйкес өздеріне жүктелген міндеттемелерін орындауын, сондай-ақ, егер оларды орындамау орын алса, олардың себептерін қарайды.

15-бап

Осы Келісім Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

16-бап

Осы Келісімді түсінуге және орындауға байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері арқылы шешіледі, ал келісімге келмеген жағдайда дауды ЕурАзЭҚ Соты қарайды.

17-бап

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады, олар жеке хаттамалармен ресімделеді.

18-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекет ішіндегі рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарийге сақтауға өткізген күнінен бастап күшіне енеді.

19-бап

Осы Келісім ЕурАзЭҚ-қа мүшелікке қабылданған кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық. Осы Келісімге қосылу туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады.

Қосылған мемлекеттерге қатысты осы Келісім депозитарий олардан қосылу туралы құжат алған күнінен бастап күшіне енеді.

200 жылғы "___" _____ қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы депозитарийде сақталады, ол әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

<i>Беларусь Республикасының</i>	<i>Беларусь Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Ұлттық банкі үшін</i>
<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Ұлттық Банкі үшін</i>
<i>Қырғыз Республикасының</i>	<i>Қырғыз Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Ұлттық банкі үшін</i>
<i>Ресей Федерациясының</i>	<i>Ресей Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Орталық банкі үшін</i>
<i>Тәжікстан Республикасының</i>	<i>Тәжікстанның</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Ұлттық банкі үшін</i>